

FTAMP 14.07.01

Г.Н. Атаева<sup>1</sup>, А.Е. Габдуллина<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті

## ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ІЗДЕНІС ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аңдатпа.** Мақалада проблемалық оқыту арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттерінің, ізденіс дағдысының дамуына және оқытудың оқу-әдістемелік үрдісінде проблемалық әдістерді кең пайдаланудың қажеттілігін нақтылайды.

**Түйін сөздер:** Проблемалық оқыту, танымдық белсенділік, шығармашылық дербестік, білім алушы, оқу үрдісі.

\*\*\*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается проблема обучения учащихся на основе развития когнитивных, научных и исследовательских навыков, обосновывается необходимость широкого внедрения проблемных методов в учебно-воспитательный процесс.

**Ключевые слова:** Проблемное обучение, познавательная деятельность, творческая независимость, учащийся, учебный процесс.

\*\*\*

**Abstract.** This article examines the problem of teaching students based on the development of cognitive, scientific and research skills, substantiates the need for widespread introduction of problematic methods in the teaching and educational process.

**Keywords:** Problem methods, cognitive activity, creative independence, learner, educational process.

Оқушыларды оқытудағы проблемалық тәсіл олардың белсенді түрде білім алуына септігін тигізеді. Бұл әдістің басты мақсаты оқушылардың білім алуы кезінде оқу материалдарын тәжірибемен ұштастыру. Проблемалық тәсілдер арқылы бағыттау-ынталандыру, жедел атқарушылық, рефлексстік бағалау секілді оқу қызметінің деңгейлерін іске асыруға болады. Нәтижесінде оқушылар оқу процесінің басты субъектісіне айналып, оқыту үрдісінің сапалы дамуына әкеледі. Проблемалық оқыту тәсілінің негізгі ерекшелігі – жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерін белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуында. Биология пәнін оқытудағы мүмкіншіліктерін қарастыратын болсақ, проблемалық әдіс туралы белгілі ұстаз Қ. Бітібаева: «Проблемалық талдау

оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі жолы ретінде де пайдалы болып келеді» - , деген [1]. Сонымен қатар, педагогикалық тәсілдер мәселесіне арналған М.В. Кларин, Т.Т. Галиев, Ж.А. Қараев, В.В. Давыдов, П.Я. Гальперин т.б. ғылымдардың еңбектерінде педагогикалық технологиясын ғылыми тұрғыдан ұғыну жөнінде түрліше пікірлер қарастырылған

Проблемалық оқыту теориясын В.Т. Кудрявцев, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, А.М. Матюшкин, М.Н. Скаткин білікті маман жеке тұлғасының қалыптасу тұжырымдамасын Л.А. Волович, Г.И. Ибрагимов, Г.В. Мухаметзянова өз еңбектерінде жан-жақты зерттеген. Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М. Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» [2].

М.И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді», - деп көрсетеді [3]. Мұндай жағдайдан шығу білімді меңгерудің жолын құрастыру кезінде туындаған проблеманы шешу үшін ойлану қабілетін дамытқанда ғана іске асады. Демек, проблемалық оқыту ғана білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытады деген сөз.

Жоғары білім беретін мектептің міндеттеріне сүйене отырып, оқытудың дәстүрлі типін проблемалық оқытумен салыстырудан шығарылған қорытындылар негізінде проблемалық оқытудың негізгі міндеттерін тұжырымдауға болады. Оларды шартты түрде жалпы және арнайы қызметтерге бөлеміз. Проблемалық оқытудың жалпы міндеттері:

- оқушылардың білім жүйелері мен ақыл-ой және практикалық қызмет тәсілдерін меңгеру;

- танымдық дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- оқушылардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту.

Бұған қоса проблемалық оқытудың арнайы міндеттері төмендегідей болып бөлінеді:

- білімді шығармашылық меңгеру дағдыларына тәрбиелеу (логикалық әдістерді немесе шығармашылық қызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану);

- алған білімді шығармашылықпен қолдану дағдыларына (жаңа ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;

- шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және жинақтау (ғылыми зерттеу, практикалық проблемаларды шешу және шындық болмысты көркем бейнелеу әдістеріне ие болу);

Біз проблемалық оқытудың барлық міндеттерінің ішінен аса маңызды екі міндетті бөліп көрсетеміз. Біріншісі – оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру; екіншісі – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру [4].

Танымдық белсенділік - жалпы белсенділік феноменінің маңызды саласы, оның негізі ретінде адамның ең маңызды қасиеті болып табылады. Балалардың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес-алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді [5].

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады. Шығармашылық дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады.

Оқушылардың шығармашылық дербестігін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Сондай-ақ, мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. Шығармашылық – оқушының танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде туындайды.

Шығармашылық дербестік ұғымы төңірегіндегі тұжырымдар, анықтамалар бұл ұғымның өзіндік ерекшеліктерін, әртүрлі психикалық процестерден туындайтын интеллектуалдық, эмоциялық, бағыттаушы байланысын және жеке тұлғаға беретін білімнің маңызын ашып көрсетеді. Біздің пайымдауымызша, шығармашылық дербестік – жеке тұлғаның танымдық қажетсінуі мен қызығушылығын, белсенділігі мен танымдық ізденімпаздығын қамтитын сан қырлы білім алуынан көрінетін, күрделі шығармашылық қалыптасуымен аяқталатын интеллектуалдық қабілеті. Проблемалық оқыту кезінде оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру бағдарламаға ашылған жаңалықтар туралы материалды ендірумен, ғылым

негіздері мен ғылымның логикалық құрылымдарын жақындатумен ғана емес, сондай-ақ, оның таным қайшылықтарын шешуге бағытталған әдістерін оқып-үйренумен де қамтамасыз етіледі. Жаңа құбылыстың мазмұны мен мәні, оның элементтерінің өзара байланысы ғылымда бақылау, сипаттау, түсіндіру, болжау сияқты зерттеу процесінің бірізді кезеңдерін жүзеге асыру барысында ашылады.

Проблемалық оқыту технологиясы негізінде оқушылардың білімді меңгерудің ғылыми дәрежесін арттыру екі әдіс арқылы қамтамасыз етіледі: Бірінші әдіс - оқытушының түсіндіруін күшейту. Өңгіме дәстүрлі оқыту жағдайындағы оқыту материалын сипаттай түсіндіруден проблемалық оқыту жағдайындағы дәлелді түсіндіруге көшу туралы болып отыр. Оқытушының негізгі міндеті - түсіндіру жаңа сапаға ие болады, бұл сапа мыналармен сипатталады, оқытушы: а) өзі жасаған проблемалық ситуация арасында жаңа ұғымның мәнін түсіндіреді; ә) түсіндіре отырып, сол ғылым тарихында белгілі бір проблеманы шешуге алып келген ғылыми зерттеудің жолдарын, логикасын көрсетеді.

Меңгерудің ғылыми дәрежесін арттырудың екінші әдісі - сабақ беру мен оқудың жаңа қатынасын белгілеу, атап айтқанда, оқытушының түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен студенттердің ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін кеңейту. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Өйткені проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін студенттердің өздері продуктивтік шығармашылық қызмет барысында (оқытушының көмегімен және басшылығымен) ашады, оның үстіне қызмет зерттеу әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады, ал, білімді бір ғана «зердемен емес, өз ойының күш салуымен» алады. Сөйтіп, бір жағынан оқытушы неғұрлым күрделі әрі өздігінен оқып үйрену үшін шама жетпейтін жаңа ұғымдарды түсіндірудің сапасын арттырады, екінші жағынан, жеке өзінің түсіндіруінің санын азайтып, оқу проблемаларынан тұратын, сол дәрежеде білім алған студенттердің шамалары ұғымдарды өздігінен оқып үйрену процесін ұйымдастырады. Бұл процесс сапалы және берік есте қалдыру үшін оқу материалын жеңілдету жолымен емес, қайта оқу процесін біртіндеп күрделендіру арқылы интеллектуалдық қиындықтар жүйесін жасау жолымен жүруге тиіс. Бұл дамыта оқытудың басты бағыты және білімді саналы, терең әрі берік меңгерудің шешуші шарты болып табылады.

Қорыта айтқанда, проблемалық оқыту – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың негізгі тәсілі, ол адамның танымдық және практикалық қызметін реттеп отыратын белгілі бір жеке бастық субъективтік тұрғы ретінде ұғынылады, дүниетаным теориялық білімнің, практикалық тәжірибенің, идеялық-эмоциялық бағалардың жоғары синтезі ретінде анықталады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Бітібаева Қ.О., Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. - Алматы, 1999.
- 2 Проблемное и программированное обучение. Под ред. Т. В. Кудрявцева и А. М. Матюшкин. М.,» Советская Россия», 1973.
- 3 Махмутов, М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории, Педагогика, Москва, 1977, 386 с.
- 4 Камишева, Г.А. Жоғарғы оқу орындарында араб тілін меңгертуде проблемалық оқыту технологиясын қолдану // автореферат. – Астана, 2010. 26 б.
- 5 Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы.п.ғ.к. дисс... Автореферат Алматы – 2001.